



Қазақстан Республикасы Астана қаласы,  
Ә.Бөкейхан көшесі 10, «Қазақстан  
Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасының кітапханасы» ММ Жұртшылықпен  
байланыс қызметі  
Тел.: 8 (7172) 69-30-56, 69-30-54, 75-12-15  
E-mail: [presidentlibrary.pr.kz@gmail.com](mailto:presidentlibrary.pr.kz@gmail.com)

## АҢДАТПА

### «Назарбаев моделі: стратегиялық болжам және прагматизм» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы

**2018 жылдың 19 қыркүйегінде сағат 10.00-де** Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде **«Назарбаев моделі: стратегиялық болжам және прагматизм»** халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтеді.

Іс-шара Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының **«Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам»** кешенді көшпелі көрме жобасы аясында өтеді.

Конференцияның мақсаты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының Қазақстан жолы немесе Назарбаев моделі ретінде белгілі мемлекеттік басқару стратегиясын, оның қоғамның тұрақты дамуындағы, еліміздің тұтастай экономикалық және әлеуметтік-саяси жаңғыруындағы, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудағы рөлін талқылау болып табылады.

Конференцияда қоғамды трансформациялау және жаңа Қазақстанды қалыптастыру стратегиясын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев тұлғасының Қазақстанның егемендігі мен мемлекеттілігін нығайтудағы рөлі, Тұңғыш Президент – Елбасының сыртқы саяси бастамалары Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы халықаралық мәртебесі мен беделін арттырудың факторы ретінде, жаңа жаһандық ақиқаттағы жаңғырудың қазақстандық үлгісі тақырыптары бойынша ғылыми зерттеулердің қорытындылары ұсынылады.

Конференцияның модераторы ретінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы директорының орынбасары, саяси ғылымдарының докторы, профессор **Әмірхан Рақымжанов** сөз сөйлейді. Шараға Атырау облысының әкімі **Нұрлан Ноғазев**, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры **Абзал Тәлтенев**, Ресей, Түркия, Иран, Өзбекстан елдерінің ғалымдары, аналитиктері мен сарапшылары, сондай-ақ отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері қатысады.

**Өткізілетін орны:** Атырау қаласы, Студенттер даңғылы, 1, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті